



Бактериологиялық бояулардың түрлерімен танысу

Орындаған: Касейнова Гуляим

ТШЖ-101

Тексерген: Турабеков Манас

Мақсаты:

*Бактериологиялық бояулардың
жіктелуін және дайындау
технологиясын игеру*

*Бояулар – түрлі материалдарды
қосқанда немесе биологиялық
субстратқа соңғы түс беруге
қолданылатын заттар*



*Гликогенді анықтау. Микроб
клеткасында гликоген – жануар
крахмалы жиі кездеседі. Бұны
анықтау үшін бактериялар
өсіндісінің культурасының бір
тамшысын сондай мөлшердегі
Люголь ерітіндісімен
араластырады. Сонда гликоген
қызыл қоңыр түске боялады.*

Гранулезаны бояу. Крахмал тәріздес полисахарид бактерия клеткасында спора түзілер алдында көп жиналады. Бұл да Люголь ерітіндісіне реакция береді. Гранулезаны анықтау үшін картоптан жасалған ортада өсірілген май қышқылы бактерияларының өсінділерінің- культурасының бір тамшысына сондай мөлшердегі Люголь ерітіндісін қосады да жабын әйнекпен жабады.

Нейссер бойынша валютинді анықтау. Валютин микробтар клеткаларында түйіршік түрінде кездеседі. Олар полифосфаттар және нуклеид қышқылына тым ұқсас заттардан тұрады. Онда фосфат қоры мол. Валютинді табу үшін бояудың күрделі әдісін қолдануға тура келеді. Бұнда тек бір емес бірнеше бояулар және олардың қоспалары қолданылады.

Нейссер бойынша валютинді анықтау үшін мынадай қоспалар даярлануы керек:

Көкшіл Нейссердің сірке қышқыл ерітіндісі:	
Метил көгі	-0,1г
96% спирт	-2мл
Мұзды сірке қышқылы	-5,0мл
Айдалған су	-100мл
Везувин ерітіндісі:	
Везувин	-2,0г
96% спирт	-60,0мл
Айдалған су	-40мл
Қоспаны қайнатып сүзеді	
Хризоидин ерітіндісі (везувин орнына қолданылады):	
Хризоидин	-1,0г
Айдалған су	-40мл

Майды бояу. Май көптеген микробтар клеткасында кездеседі. Оларға: ашытқылар, картоп бақилласы жатады. Клеткадағы майды анықтау үшін майда еритін бояуларды қолданған қолайлы. Мәселен, бұл жағдайда судан ІІІ, қара судан бояуларын қолданылады.

Қара суданмен бояу, бояу ертіндісін даярлау:

- Қара В судан - 0,3г*
- 70% этил спирті - 100мл*
- Сафранин - 1,5г*
- Айдалған су - 50мл*
- Сафранинді қайнап тұрған суда ерітеді де, салқындаған соң сүзеді.*

Бояу тәртібі. Жаңадан себілген жас
культурадан жағындыны даярлайды,
шілтер шамында жалынында бекітіледі –
фиксациялайды. Жағындыға қара
суданның препаратты сумен жуады да
жағындыға сафранин ерітіндісін тамызып,
5 минуттай ұстайды. Препаратты сумен
жуып, кептіріп, содан соң иммерсия
жүйесінде микроскоппен қарайды. Клетка
протоплазмасы *қызыл*, май тамшысы –
қара түске боялады.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!